Бекітемін:
ЖШС«Балеркем»бөбекжай балабақша
Меңгерушісі: Байболатова Б

**2026-2027 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»**
**Топ: ересек топ: Бәйтерек**
**Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қыркүйек, 2026-2027 оқу жылы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене тәрбиесі<br>1. Ұйымшыл балалар<br>2. Достар жұптары<br>3. Бір-бірден қатарға тұру<br>4. Қатардан қалма<br>5. Қатарда жүріс түрлері<br>6. Бір орыннан биікке секіру<br>7. Шыныққан шымыр боласың<br>8. Біз алғырмыз<br>9. Бөренеме | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру, текшелерден аттап |

| | | |
|---|---|---|
| | н төрттағанда п жүру<br>10. Кедергіден өту амалдары<br>11. Кедергілерден өту ойындары<br>12. Сары шқнақтай жылдам болайық<br>13. Күздің қызықтары<br>14. Күзгі жолдар үстіндегі ойындар<br>15. | өту.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орыннан жоғары секіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.<br>Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br><br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған |

| | | |
|---|---|---|
| | | атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сырткы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Тәрбиеші<br>2. Менің мекенім<br>3. Орманда5ы оқиға | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды<br>құрдастарымен талқылау; |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Менің өлкем<br>5. Күз тұралы тақпақтар құрастыру<br>6. | - балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. |
| | Қазақ тілі<br>1. Мен және менің балабақшам<br>2. Менің жанұям мен туыстарым<br>3. Уақыт. Тәулік | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды<br>құрдастарымен талқылау; |

| | | |
|---|---|---|
| | бөліктері.<br>Күн тәртібі<br>4. Қазақстан менің отаным<br>5. Күз мезгілі, алтын күз<br>6. | - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері<br>1. Ойыншық тармен танысайық та санайық<br>2. Санауды үйренемін<br>3. Меннің көшемде не бар<br>4. Үш марғау<br>5. Күзгі жапырақтар шоқтары<br>6. | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, киялдауды,<br>сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;<br>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;<br>- тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Жиын<br>Түсі, өлшемі әртүрлі заттардан тұратын жиын туралы түсініктерін қалыптастыру; осы заттарды салыстыру, жұптарды салыстыру негізінде олардың тең немесе тең еместігін анықтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сан және санау<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды ретімен атауға, қорытынды санды және реттік сан есімдерді атауға, «Қанша?», «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар топтарын салыстыру, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Күз келді бақшама<br>2. Астанаға саяхат | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және<br>ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру;<br>- табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру;<br>- қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>Бала, оның отбасы, үй.<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>Заттық әлем.<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Байланыс және қозғалыс құралдары.<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>Еңбекке баулу.<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.<br>Жолда жүру ережелері.<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | Сурет салу<br>1. Балабақша<br>2. Арқасын жиырған мысық<br>3. Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі<br>4. | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. |
| | Мүсіндеу<br>1. Анама бәліш пісіремін | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық<br>қабілетті, қиялды дамыту. |
| | Жапсыру<br>1. Көктудың желбіреген | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. |
| | Құрастыру<br>1. Балабақша біздің үйіміз<br>2. Күзгі ағаш<br>3. Күзгі ағаштар<br>4. | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. |
| | Музыка<br>1. Көңілді балалар<br>2. Ата-ананы тыңдайтын балалар<br>3. Ата-ананы тыңдаймыз<br>4. Күздің ғажайып құбылыстары<br>5. Жаңбыр | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аяқтамай соңына дейін тыңдау).<br>Ө.Байділдаев, К.Сүлейменов «Бақшаға барамын»; К.Қуатбаев, О.Әубәкіров «Ақ әжем»; Е. Құсаинов «Көңілді арбакеш»; Е. Хасанғалиев «Күн дидарлы Қазақстан».<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, |

| | | |
|---|---|---|
| | 6. Күн дидарлы Қазақстан еліміз<br>7. Күзге ән арнайық<br>8. Ару күз | қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>Б.Бейсенова «Балабақша»; Б.Бейсенова «Ата-ананы тыңдаймыз»; Д. Ботбаев «Жаңбыр»; Ө. Байділдаев «Балакан да, балапан».<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Э.Парлов "Марш", М. Раухвергер «Әуе шарларымен би»; Е.Макшанцева «Разминка», Ө.Байділда «Көңілді би»; В.Тюльканов «Марш», Г. Абдрахманова «Сәлемдесу жаттығуы»; Е. Тиличеева «Марш», Е. Андосов «Біз билейміз».<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. |

**Бекітемі:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Б Байболатова**

## 2026-2027 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қазан, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене тәрбиесі<br>1. Сарышұнақтай жылдам болайық<br>2. Күздің қызықтары<br>3. Күзгі жолдар үстіндегі ойындар<br>4. Еңкіс тақтайдың үстіменжүру<br>5. Тақтайдың үстімен қалай жүреміз<br>6. Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз<br>7. Допты қақпаға дәлдеп домалату<br>8. Епті балалар<br>9. Мергендер | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып жүру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу. |

| | | |
|---|---|---|
| | жарысы<br>10. Алға тізелеп жылжу<br>11. Арақашықтықты сақтау амалдары<br>12. Саптарда кім бар? | Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Күз туралы тақпақтар<br>2. Көкөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу<br>3. Еркежан әжейдің тақпағын мәнерлеп оқу | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Жыл құстары жылы жақа ұшты. | бекітуү Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. |
| | Қазақ тілі<br>1. Күз мезгілі Алтын күз<br>2. Көкөністер мен жемістерді жинаймыз<br>3. Сиқырлы бауырсақтар | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Үй құстары. Жыл құстары | оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.<br>Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері<br>1. Бір құшақ күзгі жапырақ<br>2. Кірпілерге жеміс таратамыз<br>3. Сарқытты тең бөлейік<br>4. Көлге қонған үйректі санайық | - заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;<br>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;<br>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;<br>- тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Жиын<br>Түсі, өлшемі әртүрлі заттардан тұратын жиын туралы түсініктерін қалыптастыру; осы заттарды салыстыру, жұптарды салыстыру негізінде олардың тең немесе тең еместігін анықтау.<br>Сан және санау<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды ретімен атауға, қорытынды санды және реттік сан есімдерді атауға, «Қанша?», «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар топтарын салыстыру, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, |

| | | |
|---|---|---|
| | | үшбұрыш, төртбұрыш) атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Алтын жапырақ<br>2. Жемістер<br>3. Бауырсақ<br>4. Бұл-бұл | - ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және<br>ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;<br>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;<br>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;<br>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру;<br>- табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру;<br>- қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.<br>Бала, оның отбасы, үй.<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне |

| | | |
|---|---|---|
| | | деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.<br>Заттық әлем.<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Байланыс және қозғалыс құралдары.<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>Еңбекке баулу.<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Жолда жүру ережелері.<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда |

| | |
|---|---|
| | жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| Сурет салу<br>1. Ыдыстар<br>2. Жемістер<br>3. Алтын бидай алқабы<br>4. Үйрек | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. |
| Мүсіндеу<br>1. Саңырауқұлақтар<br>2. Анама бәлішш пісіремін | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық<br>қабілетті, қиялды дамыту. |
| Жапсыру<br>1. Бұтақтағы алмалар<br>2. Көлшіктегі торғайлар | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. |
| Құрастыру<br>1. Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат<br>2. Бидай | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | масағы | - балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. |
| | Музыка<br>1. Күз<br>2. Күзге ән арнайық<br>3. Күз сиы<br>4. Тәтті нан<br>5. Адам еңбегіне жыр<br>6. Көгершіндер әні | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аяқтамай соңына дейін тыңдау).<br>Д. Ботбаев «Күз әуені»; Е. Құсаинов «Менің сүйікті атам»; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш»; А.Райымқұлова «Торғай әні».<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>Б.Бейсенова «Алтын күз»; Д. Ботбаев. «Күз жомарт»; Б. Аманжолов «Тәтті нан»; Н. Тілендиев «Көгершіндер әні».<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>И.Соколовский «Марш» (Пр 59), «Жапырақтар биі» украин халық әуені; Қ. Шілдебаев «Жүгіру», Е. Өміров «Сылдырмақпен ойын»; Е. Андосов «Біз билейміз»; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш»; Г.Гусейнли «Шөжелерім».<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі _____ Б Байболатова**

**2026-2027 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қараша, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене тәрбиесі<br>1. Кедергілерден секіру<br>2. Кедергілерден сүрінбей өтіп көр<br>3. Озамын десең зерек бол<br>4. Пингвин сияқты секіру<br>5. Сан түрлі секіре аламыз<br>6. Ойын шартын ұстанайық<br>7. Бір жіпнымен шапшаң қадаммен жүру<br>8. Аңдар жүрістеріне еліктейік<br>9. Ойын | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден, екі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | жүргізуші<br>10. Арқан астынан еңбектеу<br>11. Иілгіш боламыз<br>12. Қимылдарды қалай танимыз | Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды домалату; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан).<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.<br>Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).<br>Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру.<br>Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.<br>Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br><br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Балалардың қолынан келетін<br>2. Жол ережелері туралы тақпақтарымен танысу<br>3. Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру<br>4. Ойыншықтар фабрикасына саяхат ертегісі. | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Сөздік қор.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | Қазақ тілі<br>1. Жабайы аңдар және балалары<br>2. Не қалай дыбыстайды<br>3. Көліктер<br>4. Үш аю ертегісін оқу | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері<br>1. Күзгі орман ғажайыптары<br>2. Қояндар отбасы қысқа дайындалады<br>3. Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік<br>4. Көлік жүретін ұзын-қысқа жолдар | Жиын<br>Түрлі түсті, өлшемді заттардан тұратын жиын туралы түсініктерін қалыптастыру; осы заттарды салыстыру, жұптарын салыстыру негізінде олардың тең немесе тең еместігін анықтау.<br>Сан, санау<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды ретімен атау, қорытынды санды және реттік сан есімдерді атау, «Қанша?», «Нешінші?», «Барлығы қанша?» деген сұрақтарға жауап беру.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыру, теңдік және теңсіздік ұғымдарын қалыптастыру. Екі тәсілмен теңдік туралы ұғым қалыптастыру: саны аз топқа бір затты қосу немесе саны артық топтан бір затты алып тастау арқылы, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» деген сұрақтарға жауап беру.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама<br>Заттардың көлемі бойынша әртүрлі болуы мүмкін екендігі туралы түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі түрлі және бірдей заттарды салыстыру; шаманы салыстыру кезінде |

| | | |
|---|---|---|
| | | беттестіру (үстіне қою) және тұстастыру (қасына қою) тәсілдерін қолдану.<br>Геометриялық фигуралар<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) тану және атау; көру және сипап сезу арқылы осы фигуралардың пішінін зерттеуге үйрету; сөйлеуде сын есімдерді қолдану, салыстыру нәтижелерін атау (ұзынырақ – қысқарақ, биігірек – аласалау).<br>Кеңістікті бағдарлау<br>Өзіне қатысты кеңістіктік бағыттарды анықтау, заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, менің оң жағымда терезе, сол жағымда орындық, артымда ойыншықтар).<br>Уақытты бағдарлау<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың өзіне тән ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерін кеңейту. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Бақшадағы мол өнім<br>2. Асқабақ терген трактор<br>3. Мыршай<br>4. Өсімдіктерге күтім жасау | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу.<br>Отбасы, отбасы мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен қолданылу мақсаты туралы білу.<br>Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем көлігін ажырату.<br>Еңбекке баулу<br>Еңбекке, берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын |

| | | |
|---|---|---|
| | | таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру. Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісуге байланысты өз көзқарасын білдіруге үйрету. Балаларды қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, әділдік сезіміне тәрбиелеу; үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру. Қазақстанның көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Ауа райы құбылыстары (жел, жаңбыр, тұман, қар) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, ауа райына сәйкес киіну дағдыларын қалыптастыру (күздің соңында).<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: жел соқты – жапырақтар түсті; даладағы суықтан жердегі қар мұзға айналды.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға |

| | | |
|---|---|---|
| | | күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, қозғалысы, қоректенуі және қысқа бейімделуі туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: күзде көбелектердің, қоңыздардың және кейбір құстардың болмауы.<br>Жануарлардың тіршілігіне қажетті жағдайларды (азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орта) және олардың табиғи ортаға бейімделу тәсілдерін анықтау.<br>Қыстап қалатын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Мінез-құлық мәдениетін және сыпайы қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, ересектерді аты және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсетілген көмек үшін алғыс айту.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалатын құстарды қоректендіру). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге үйрету, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау). |
| | Сурет салу<br>1. Үлкен және кішкентай қарбыздар | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. Жүк мәшинесі<br>3. Алманы тапқан қоян<br>4. Ғажайып әлемнің шамдары | және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша<br>арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | Мүсіндеу<br>1. Жемістер<br>2. Аю бауырсақпен кездесті | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау<br>мен қиялды дамыту.<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. |
| | Жапсыру<br>1. Жүк көлігі<br>2. Ағаштарды қар басты | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. |
| | Құрастыру<br>1. Күзгі ағаш<br>2. Түлкі деген қу болар | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | Музыка<br>1. Күз әуені<br>2. Күзге ән арнайық<br>3. Күз сиы<br>4. Тәтті нан<br>5. Адам еңбегіне жыр<br>6. Көгершіндер әні | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау).<br>Қ. Шілдебаев «Домбыра»; А. Қоразбаев «Кеш жарық»; «Ақсақ құлан» қазақ халық әуені; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры».<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.<br>Ө. Байділдаев «Мысығым»; И. Сапарбаев «Ойыншықтар»; Қ. Шілдебаев «Кірпі»; Б. Байқадамов «Кел, билейік».<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру.<br>Э.Парлов "Марш" (Пр 36), Д. Ботбаев «Күз әуені»; Е. Тиличеева «Марш», Т. Алинов «Бақа»; Е. Тиличеева «Марш», К. Қуатбаев «Түлкі мен қаздар»; Е.Арне «Адыммен айналу» (Пр 37), «Күн пен түн» қазақ халық әуені.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау.<br>Билер. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Б Байболатова**

## 2026-2027 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): желтоқсан, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене тәрбиесі<br>1. Еңкіс тақтадың үстімен жүру<br>2. Тепе теңдікті сақтайық<br>3. Досқа нені үйретемін<br>4. Төрт тағандап еңбектеу<br>5. Санты бұзбай еңбектейміз<br>6. Озаттар эстафетасы<br>7. Тепе теңдікті сақтап жүру<br>8. Шырша ойыншығы<br>9. Шеңбердегі қызықтар<br>10. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай |

| | | |
|---|---|---|
| | 11. Аяз-ата силығына жетейік<br>12. Аяз-ата ойындар сайысы | бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен лақтыру.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды |

| | | |
|---|---|---|
| | | шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Қыс келді<br>2. Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу<br>3. Шырша туралы әңгіме құрастыру<br>4. Аққаламен сөздік жаттығу тізбегі | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Сөздік қор.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету..<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, |

| | | |
|---|---|---|
| | | диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | Қазақ тілі<br>1. Қысқы табиғат құбылыстары<br>2. Қазақстан байлықтары<br>3. Киімдер, аяқ киім, бас киім<br>4. Жаңа жылдық силықтар | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | Математика негіздері<br>1. Сыңарлы және сыңарсыз киімдер<br>2. Әжемнің құрғақ көрпесі<br>3. Ең биік шыршаны іздегенде<br>4. Қапқа жасырылған | Жиын.<br>Балаларға әртүрлі түстегі (көрпе қиындылары), өлшемдегі (биіктігі әртүрлі шыршалар; ұзындығы әртүрлі шұлықтар; жуандығы әртүрлі моншақтарға арналған жіптер) заттардан (киім, жаңа жылдық сыйлықтар) тұратын жиын туралы түсінік беру, осы заттарды салыстыру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ тең немесе тең еместігін анықтай білу (жұп киім – сыңар киім; сыйлықтарды тең бөлу (заттардың екі тобы)).<br>Сан, санау.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды реті бойынша атауға, қорытынды санды және реттік сан |

| | | |
|---|---|---|
| | силықтар | есімдерді атауға, «қанша?», «нешінші?», «барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге үйрету («Қаптағы сыйлықтар»).<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру (шыршадағы ойыншықтар).<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Заттарды салыстыру, шаманы салыстыру кезінде үстіне қою тәсілін (ұзын, қысқа шұлықтар) және қасына қою тәсілін (биік, аласа шыршалар) қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш: «Құрақ көрпе») танып, атай білуге үйрету; геометриялық фигуралардың (тіктөртбұрыш, шаршы) пішінін көру және сипап сезу арқылы зерттеуге үйрету; сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзынырақ-қысқарақ (шұлықтар), биігірек-аласарақ (шыршалар)).<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Ойындарда кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру (жаңа жылдық ойыншықтар топтарын салыстыру бойынша тапсырмаларды орындау); заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, менің оң жағымда терезе, сол жағымда орындық, артымда ойыншықтар).<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн (қыста күн қысқа, ерте қараңғы түседі)), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы түсініктерін кеңейту. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Аппақ қыс<br>2. Жемістер | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. Бауырсақ<br>4. Бұл-бұл | Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем көлігі, жүк тиегішті ажырату.<br>Еңбекке баулу<br>Еңбекке және берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру.<br>Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау.<br>Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына өз көзқарасын білдіруге үйрету: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік таныту, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісу.<br>Балаларды қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, әділдік сезіміне тәрбиелеу; үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Мемлекеттік мерекелерге қатысу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Астана қаласы, туған өлке туралы түсініктерін дамыту.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін- |

| | | |
|---|---|---|
| | | өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Ауа райы құбылыстары (қар, аяз – қыс мезгіліне тән маусымдық табиғат құбылыстары) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, ауа райына сәйкес киіну дағдыларын қалыптастыру (қыстың басында).<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: қар – жауын-шашын; қардың жерде жатуының себебі – күннің суықтығы, аяз; ағаштардың жапырақсыз, қатып тұруының себебі – суықтың болуы; жыл құстарының болмауының себебі – қоректің азаюы және суықтың түсуі.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға (аквариумдағы балықтарға) күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, қозғалысы, қоректенуі және қоршаған ортаға бейімделуі (қысқы ұйқыға кетуі, сыртқы түсінің өзгеруі) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: қыста қыстап қалатын құстар адамның қасында тіршілік етіп, қыстан шығады; жануарлар қысқы ұйқыға кетеді; жыртқыштар аң аулайды; кейбір жануарлардың жүнінің түсі өзгереді; қорек қорын пайдаланады. Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін (қорек, мекендейтін орта) анықтау. Қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Амандасу, қоштасу, ересектерді аты және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қыстап қалатын құстарды қоректендіру). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету, экологиялық білімдерін іс жүзінде қолдануға баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау). |
| Сурет салу<br>1. Аулаға қар жауды<br>2. Әдемі көйлек киген Дана<br>3. Шырша<br>4. Шыршаның түрлі ойыншықтары | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. |
| Мүсіндеу<br>1. Аққала<br>2. Аяз ата | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау<br>мен қиялды дамыту.<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапсыру<br>1. Тостағанды әшекейлейміз<br>2. Шырша ойыншықтары | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| | Құрастыру<br>1. Ақтөске үйшік құрастырамыз<br>2. Жаңа жылдық силық | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | Музыка<br>1. Қыс әні<br>2. Қыс бояулары<br>3. Жаса, елім<br>4. Жаңа жыл<br>5. Жаңа жыл силықтары<br>6. Шырша жыры | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау).<br>Д. Ботбаев «Қыс әні»; С. Мұхамеджанов «Бүгін қай күн?»; Антонио Вивальди «Қыс» (үзінді); Б. Дәлденбаев «Қош келдің, Аяз ата».<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қ. Шілдебаев «Қыс»; С.Қалиев, Д.Омаров «Елтаңбасы елімнің»; Б. Бейсенова «Жаңа жыл»; Л. Хамиди «Шырша жыры».<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру.<br>Е. Тиличеева «Марш», М.Старокадомский «Қысқы би»; Д. Шостакович «Марш», А. Мельникова «Жаса, елім»; Д.Шостакович «Марш», А. Мельникова «Жаса, елім», В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры»; Н. Наденeнко «Адымдау және жүгіру», А. Бестібаев «Вальс», «Ай жарқырап тұр» (сылдырауықтарда ойнау); И. Гуммель «Жүгіру».<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бобекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Б. Байболатова**

## 2026-2027 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): қаңтар, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Дене тәрбиесі<br>1. Ұзынды кқа секіру<br>2. Қысқы ойындар<br>3. Қысқы эстафетал аар<br>4. Жылан ша жорғалау<br>5. Қар үстіндегі жолдар<br>6. Қар атысайық<br>7. Аңдард ан еттіміз<br>8. Аңдарғ а еліктеп жүреміз | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу, араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | 9. Аңдар туралы ойындар<br>10. Құстардан қайратты мыз<br>11. Жылдам және епті құстар<br>12. Қамқоршылар тобы | Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап жүру.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, |

| | | |
|---|---|---|
| | | шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен |

| | | |
|---|---|---|
| | | шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. қысқы аулада суреттер тізбегі бойынша әңгімелесу<br>2. Қарды бақылау<br>3. Көзі қорқақ қоян<br>4. Құстарға жемшаар тақпағын жаттау | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан |

| | | |
|---|---|---|
| | | басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | Қазақ тілі<br>1. Біз қармен қалай ойнадық<br>2. Қар | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | жауады<br>3. Үш торғай ертегісі<br>4. Қыстай тын құстар | - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ө, і дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | Математи | Жиын. |

| | | |
|---|---|---|
| | ка негіздері<br>1. Қыстың жуан жіңішке жолдары<br>2. Алыс жақын жерде жатқан қар<br>3. Дорбадағы бұршақтар<br>4. Аңдардың іздерін зерттейік | Балаларға әртүрлі түстегі, өлшемдегі заттардан тұратын жиын туралы түсінік беру; осы заттарды салыстыру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан, санау<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды реті бойынша атауға («Қаптағы бұршақтар»), реттік сан есімдерді атауға, «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге және қорытынды санды атауға үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен: саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан бір затты алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама<br>Ұзындығы және ені бойынша екі түрлі және бірдей заттарды («Жіңішке және кең қысқы жолдар»), биіктігі және жуандығы бойынша («Жануарлардың іздерін зерттейміз») салыстыру; салыстыру нәтижелерін атау (кеңірек – тарлау, ең тар (кең), жуан – жіңішке, ең жуан (жіңішке)); шаманы салыстыру кезінде үстіне қою және қасына қою тәсілдерін қолдану; сондай-ақ заттарды жуандығы бойынша салыстыру кезінде саусақтарды пайдалану.<br>Геометриялық фигуралар<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) көру және сипап сезу арқылы зерттей отырып, тану және атау.<br>Кеңістікті бағдарлау<br>Өзіне қатысты кеңістіктік бағыттарды анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға – артқа, оңға – солға, жоғары – төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу («Қарлы кесек алыс және жақын»).<br>Уақытты бағдарлау<br>Қыстағы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерін кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерінің мағынасын |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсіндіру. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Ақ аю<br>2. Қар жауғанда<br>3. Жабайы жануарларға қамқорлық<br>4. Құстарға жем | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу.<br>Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем көлігі, жүк тиегіш, қар тазалайтын машинаны ажырату.<br>Еңбекке баулу.<br>Еңбекке және берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру. Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау.<br>Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына өз көзқарасын білдіруге үйрету: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік таныту, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісу.<br>Үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Қазақстан Республикасының астанасы, туған өлке туралы түсініктерін дамыту.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Ауа райы құбылыстары (қар, боран, бұрқасын, аяз – қыс мезгіліне тән маусымдық табиғат құбылыстары) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, қыс мезгілінде ауа райына сәйкес киіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: қар – жауын-шашын; қардың жерде жатуының себебі – күннің суықтығы, аяз; ағаштардың жапырақсыз, қатып тұруының себебі – суықтың болуы; қыстап қалатын құстардың сайрамауының себебі – суық; құстар мен жануарларға қоректің жетіспеуінің себебі – күннің суықтығы және жердің қармен жабылуы.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға (аквариумдағы балықтарға) күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, қозғалысы, қоректенуі және қоршаған ортаға бейімделуі (қысқы ұйқыға кетуі, сыртқы түсінің өзгеруі) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: қыста қыстап қалатын құстар адамның қасында тіршілік етіп, қыстан шығады; кейбір жануарлар қысқы ұйқыға кетеді; жыртқыштар аң аулайды; кейбір жануарлар қор жинаған азығын пайдаланады.<br>Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін (қорек, мекендейтін орта) анықтау.<br>Қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, |

| | | |
|---|---|---|
| | | ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Амандасу, қоштасу, ересектерді аты және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қыстап қалатын құстарды қоректендіру). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету, экологиялық білімдерін іс жүзінде қолдануға баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышты ұстау). |
| | Сурет салу<br>1. Қос қолғап<br>2. Оюлар салынған қарлы жолақ<br>3. Аю мен қонжық апанда жоқтап жатыр<br>4. Сарыш ымшық | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |
| | Мүсіндеу<br>1. Жылқы<br>2. Қонжықтың | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | достары | - коршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау<br>мен қиялды дамыту.<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. |
| | Жапсыру<br>1. Қуыршақ театр шымылдығые әшекейлеу<br>2. Сүп-сүйкімді суық торғай | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | Құрастыру<br>1. Қыс қызығы аққала<br>2. Аю мен қасқыр | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | Музыка<br>1. Дала аппақ | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға<br>ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. Аққала мен достасайық<br>3. Аппақ қар<br>4. Қасқыр үнін тыңдайық<br>5. Аңдар туралы не білеміз<br>6. Құстар әні | қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>М. Глинка «Полька»; Бота Бейсенова «Аппақ қар»; Б. Дәлденбай, А. Асылбек «Аю», «Түлкі»; Н.Тілендиев «Құстар әні».<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Л. Хамиди «Дала аппақ»; Бота Бейсенова «Аппақ қар»; Д. Ботбаев, А. Асылбек «Қасқыр»; А. Райымқұлова «Торғай әні».<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Е.Тиличеева «Жылқы адымы», «Ах вы, сени» халық әуені; Брэдбери Рей аудиошығармасы «Суық және жылы жел»; Р. Глиэр «Байсалды қолдар», "Ламбада".<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Ә. Байболатова**

**2026-2027 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): ақпан, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене тәрбиесі<br>1. Допты екі қолмен лақтыру<br>2. Доппен жаттығу түрлері<br>3. Доппен ойындар<br>4. Доғадан өрмелеу<br>5. Жұптасып шынығайық<br>6. Мықтылар жарысы<br>7. Велотренажер, велосипед<br>8. Аяқпен қимыл<br>9. Жүгірушілер | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмеле.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында |

| | | |
|---|---|---|
| | жарыстары<br>10. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу<br>11. Қол мен аяқтарымыз шымыр<br>12. Қанатпен тарту ойыны | тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет | ің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Ауыл мен қала тұралы әңгімелесу<br>2. Кімнің қолынан не келеді<br>3. Тұрмыстық техника<br>4. Жеті ағайын тақпағын оқу | Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен, тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдануға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету.. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| | Қазақ тілі<br>1. Жихаздар<br>2. Мамандықтар<br>3. Тұрмыстық техника<br>4. Адамның дене мүшелері | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі |

| | | |
|---|---|---|
| | | балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліне тән ө, і, ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Бұрынан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | Математика негіздері<br>1. Түрлі пішінде балықтар<br>2. Аспаздың кесу тақтайы<br>3. Үйді жинау тәртібі<br>4. Қатарға тұрайық спортшылар | Жиын.<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан, санау.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға («Аспаздың турайтын тақтайлары», «Спортшылар, қатарға тұрамыз»), «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұғымын екі тәсілмен: саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?», «тең», «тең болады» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Екі түрлі және бірдей заттарды биіктігі бойынша («ең аласа», «сәл биігірек», «одан да биік», «биігірек», «ең биік») салыстыру; шаманы салыстыру кезінде екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) («Әртүрлі пішіндегі балықтар», «Аспаздың турайтын тақтайлары») танып, атай білуге үйрету; геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу; сөйлеуде сын есімдерді қолдану.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын («алыс», «жақын») анықтау, жазықтықта заттардың орналасуын («Үй шаруашылығының этикеті») («жоғарғы сол жақ бұрыш», «жоғарғы оң жақ бұрыш», «төменгі сол жақ бұрыш», «төменгі оң жақ бұрыш») анықтау; берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерін кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Терраниум дағы тасбақа<br>2. Отбасы шежіресі | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу.<br>Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Заттық әлем |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. Жануарлар емшісі<br>4. Ауа баптағыш | Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем көлігі, жүк тиегіш, қар тазалайтын машинаны ажырату.<br>Еңбекке баулу<br>Еңбекке және берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру. Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына өз көзқарасын білдіруге үйрету: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік таныту, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісу.<br>Үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Қазақстан Республикасының астанасы, туған өлке туралы түсініктерін дамыту.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Ауа райы құбылыстары (қар, боран, бұрқасын, аяз – қыс мезгіліне тән маусымдық табиғат құбылыстары) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, қыс мезгіліне сәйкес киіну дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру (қыстың соңында).<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: қар – жауын-шашын; қардың жерде жатуының себебі – күннің суықтығы, аяз; ағаштардың жапырақсыз, қатып тұруының себебі – суықтың болуы; қыстап қалатын құстардың сайрамауының себебі – суық; құстар мен жануарларға қоректің жетіспеуінің себебі – күннің суықтығы және жердің қармен жабылуы.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға (аквариумдағы балықтарға) күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, қозғалысы, қоректенуі және қоршаған ортаға бейімделуі (қысқы ұйқыға кетуі, сыртқы түсінің өзгеруі) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: қыста қыстап қалатын құстар адамның қасында тіршілік етіп, қыстан шығады; кейбір жануарлар қысқы ұйқыға кетеді; жыртқыштар аң аулайды; кейбір жануарлар қор жинаған азығын пайдаланады.<br>Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін (қорек, мекендейтін орта) анықтау.<br>Қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту, қыста құстарды қосымша қоректендірудің қажеттілігін түсіндіру.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау |

| | | |
|---|---|---|
| | | ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Амандасу, қоштасу, ересектерді аты және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қыстап қалатын құстарды қоректендіру). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету, экологиялық білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышпан ұстау). |
| | Сурет салу<br>1. Аквариум балықтары<br>2. Етікшінің жаңа қос етігі<br>3. Үтік<br>4. Қанекей апқа тұр | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |
| | Мүсіндеу<br>1. Тиін жаңғақ кеміріп отыр<br>2. Жол белгілері, бағдаршам | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау<br>мен қиялды дамыту.<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны |

| | | |
|---|---|---|
| | | желімдеу.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. |
| | Жапсыру<br>1. Абзал жан, дәрігер<br>2. дәруменде р | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| | Құрастыру<br>1. Мысығым менің мысығым<br>2. Тазалық денсаулық кепілі | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | Музыка<br>1. Мысығым<br>2. Мысықты ң жасырған құпиялары<br>3. Көңілді арбакеш<br>4. Ойыншық тар<br>5. Ойыншық аспаптар<br>6. Зырлайды | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға<br>ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аяқтамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, |

| | | |
|---|---|---|
| | шанамыз | музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, катты,баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>«Ақсақ құлан» қазақ халық әуені; Е. Құсаинов «Көңілді арбакеш»; Б. Жүсіпалиев «Қуыршақтың мұңы»; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш».<br>Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Ө. Байділдаев «Мысығым»; Д. Ботбаев «Қыс әні»; И. Сапарбаев «Ойыншықтар»; Д. Мацуцин «Зырлайды шанамыз».<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>С. Прокофьева «Марш», «Ақсақ құлан» қазақ халық әуені» қазақ халық әуені; В.Тюльканов «Марш», Г. Абдрахманова «Сәлемдесу жаттығуы»,Н.Шахина «Қандай ырғақ?»; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш», Ө.Байділда «Көңілді би»; Е. Тиличеева «Марш», М.Старокадомский «Қысқы би».<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.<br>«Қамажай» халық әуенін, «Ай жарқырап тұр» халық әуенін сылдырауықтарда ойнау; Д. Кабалевскийдің «Труба мен дабыл» шығармасына сай дабылдар.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Б. Байболатова**

**2026-2027 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): наурыз, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене тәрбиесі<br>1. Арқан үстімен адымдап жүру<br>2. Цирк атлеттерінің сайысы<br>3. Түрлі жолдармен жүре алпмыз<br>4. Қапшаларды нысанға лақтыру<br>5. Қақпашы бола аламызба<br>6. Футбол ойыны<br>7. Аюша алақан мен табанды тіреп еңбектеу<br>8. Тауға шыққан альпинистер | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br><br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br><br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан- |

| | | |
|---|---|---|
| | 9. Қолмен аяғымызды шынықтырайық<br>10. Қапшаны көлденең лақтыру<br>11. Кімді мерген деп санаймыз<br>12. Командаға ұпай жина | жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте доғаның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аякка арналған жаттығулар.<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну.<br>Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну |

| | | |
|---|---|---|
| | | мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.<br>Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Тырналар жыры<br>2. Көктем туралы тақпақ жаттау<br>3. Жеті ата тақпақты мәнерлеп оқу<br>4. Дастарханды жаяйық ойыны | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, |

| | | |
|---|---|---|
| | | етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | Қазақ тілі<br>1. Көктемгі табиғат құбылыстары<br>2. Торғай мен тышқан ертегісі<br>3. Наурыз көже дайындаймыз<br>4. Музыка аспаптар шеберханасы | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, і, ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | Математика негіздері<br>1,. көктемгі ғажайыптар<br>2. Тамшыларды қалай санаймыз<br>3. Алдар көсенің мерекелік силары<br>4. Жихазға арналған қалың жұқа тақтайша | Жиын.<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан, санау.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды реті бойынша атау («Тамшыларды қалай санаймыз?»), реттік сан есімдерді және қорытынды санды атау, «Қанша?», «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Тең ұғымын екі тәсілмен: саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан бір затты алып тастау арқылы қалыптастыру («қанша болса, сонша...», «саны тең», «қосу», «азайту», «тура санау», «кері санау»), «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Екі түрлі және бірдей заттарды жуандығы бойынша («ең жуан», «сәл жіңішкелеу», «жіңішке», «одан да жіңішке», |

| | | |
|---|---|---|
| | | «ең жіңішке») («Жиһазға арналған жіңішке және жуан тақтайлар») салыстыру; шаманы салыстыру кезінде екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) («Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық денелер мен фигуралар», «Алдаркөсенің сыйлықтары») және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету; геометриялық пішіндердің пішінін көру және сипап сезу арқылы зерттеуге үйрету; сөйлеуде сын есімдерді қолдану.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, менің оң жағымда терезе, сол жағымда орындық, артымда ойыншықтар).<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерін кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерінің мағынасын түсіндіру. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Жалбыз өсімдігі<br>2. Астанаға саяхат<br>3. Ән салып құс келді<br>4. Таза су | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу.<br>Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем |

| | | |
|---|---|---|
| | | көлігі, экскаваторды ажырату.<br>Еңбекке баулу<br>Еңбекке және берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру.<br>Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау.<br>Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына өз көзқарасын білдіруге үйрету: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік таныту, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісу.<br>Үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Қазақстан Республикасының астанасы, туған өлке туралы түсініктерін дамыту. Мерекелерге қатысуға және олардың мағынасын түсінуге үйрету.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Ауа райы құбылыстары (қардың еруі, тамшы, мұздың жүруі – көктем мезгіліне тән маусымдық табиғат құбылыстары) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, көктемнің басында ауа райына сәйкес киіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: |

| | | |
|---|---|---|
| | | қардың түсі қарайған сайын оның тезірек еруі; көленкедегі қардың баяу еруі, себебі ол жерде салқындау; құстардың жылы ауа райы орнап, жәндіктер пайда болғандықтан ұшып келуі; жануарлардың күн жылынып, қорек пайда болғандықтан қысқы ұйқыдан шығуы; қар ерігендіктен алғашқы гүлдердің пайда болуы.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Тұқымдарды, пиязды терезе алдындағы топыраққа отырғызуға үйрету. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға (аквариумдағы балықтарға) күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, қозғалысы, қоректенуі және қоршаған ортаға бейімделуі (қысқы ұйқыдан шығуы, бұрынғы сыртқы түсінің өзгеруі) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: көктемде күн ұзарады, күн сәулесі күштірек жылытады, қар ериді, құстар ұшып келеді, жәндіктер пайда болады, өсімдіктер өсіп, алғашқы жапырақтар шығады. Жануарлардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілдерін (қорек, мекендейтін орта) анықтау.<br>Жыл құстарының (бірінші легі) және аумақта кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Амандасу, қоштасу, ересектерді аты |

| | | |
|---|---|---|
| | | және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (құстарға арналған скворечник жасау). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету, экологиялық білімдерін іс жүзінде қолдануға баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау). |
| | Сурет салу<br>1. Құмыраға салынған гүлдер<br>2. Торғай ұшып келеді<br>3. Тұмарша<br>4. Кебежені безендіру | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | Мүсіндеу<br>1. Аққуды мүсіндейміз<br>2. Ұлттық әшекейлер | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. |
| | Жапсыру<br>1. Көктем белгісі | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау |

| | | |
|---|---|---|
| | бәйшешек<br>2. Оюлы текемет | арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Құрастыру<br>1. Дос болайық көбелек<br>2. Үй жихаздары | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, дірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Музыка<br>1. Анаға әлем<br>2. Әніміз силық болсын<br>3. Нұрлы көктем<br>4. Әжеміздің әні тамаша<br>5. Бесік жыры<br>6. домбыра | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аяқтамай соңына дейін тыңдау). |

| | | |
|---|---|---|
| | | музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Асатаяқ, домбыра қарапайым әуендерді ойнау.<br>«Айгөлек» қазақ халық әуенін қоңыраулар аспабында ойнау; Б. Бейсенова «Наурыз көктем» әнін даңғара аспабында ойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Б. Байболатова**

## 2026-2027 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ «Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): сәуір, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Дене тәрбиесі<br>1. Еңкіс тақтай үстімен жүру<br>2. Денемізбен баланс ұстайық<br>3. Цирк шатыры астында<br>4. Құрсауға кіру<br>5. Құрсаумен жаттығулар<br>6. Құрсаумен жарыстар<br>7. Жермен еңбектеу<br>8. Жүру, еңбектеу | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа косалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты |

| | | |
|---|---|---|
| | жаттығулары<br>9. Қимылдар тізбегі<br>10. Секіртпеден скіру<br>11. Секіртпені игерейік<br>12. Бірігіп шеңбер құрайық | және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: тақтайдың бойымен жүру; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар.<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір |

| | | |
|---|---|---|
| | | орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.<br>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Ғарышқа саяхат<br>2. Төрт түлік ал тұралы тақпақ жаттау<br>3. Тиіннің арманы<br>4. Сарғыш марғау қонақжай | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен |

| | | |
|---|---|---|
| | | таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйре. |
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі<br>1. Ғарышкер боламыз<br>2. Адал дос әңгімесін оқу<br>3. Ағаш түрлері аққайың<br>4. Досың жайлы ән | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды<br>құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, і, ү, ұ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын |

| | | |
|---|---|---|
| | | көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | Математика негіздері<br>1. Зымыранның түрлі құрылысы<br>2. Бес төлді жарыстырайық<br>3. Биіктігі әр түрлі ағаштар<br>4. Алан мен Дананың мерекеге дайындығы<br>5. Әскери көліктер | Жиын.<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан, санау.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды реті бойынша атау, қорытынды санды және реттік сан есімдерді атау («қанша болса, сонша», «тең», «артық», «кем»), «Қанша?», «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен: саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан бір затты алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру («Жануарлардың бес төлін салыстырайық»). Екі түрлі және бірдей заттарды ұзындығы, биіктігі бойынша («Саябақтағы биіктігі әртүрлі ағаштар»), жуандығы бойынша («Ең жуан кітапты оқимыз») салыстыру; шаманы салыстыру кезінде екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Балаларды геометриялық фигураларды («Зымырандардың құрылысы», «Алан мен Дана мерекеге дайындалуда») (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету; геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге үйрету; сөйлеуде сын есімдерді қолдану, салыстыру нәтижелерін атау (ұзынырақ-қысқарақ, кеңірек-тарлау, биігірек-аласалау, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жуан-жіңішке).<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын («алыс» және «жақын») анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру («Алан мен Дана мерекеге дайындалуда» – «Оң қол және сол қол»); заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, менің оң жағымда терезе, сол жағымда орындық, артымда ойыншықтар).<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттілігі туралы түсініктерін кеңейту, «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерінің мағынасын бекіту. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Бәйшешек<br>2. Төлдер<br>3. Әуе кемесі<br>4. Көктемде жер босады | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу.<br>Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем көлігі, автокранды ажырату.<br>Еңбекке баулу<br>Еңбекке және берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру. Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына өз көзқарасын білдіруге үйрету: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік таныту, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>Үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Қазақстан Республикасының астанасы, туған өлке туралы түсініктерін дамыту.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Ауа райы құбылыстары мен табиғаттағы көктемгі өзгерістер (шөптің шығуы, бүршіктердің ісінуі, өсімдіктерде шырынның жүруі, жәндіктердің пайда болуы – көктем мезгіліне тән маусымдық табиғат құбылыстары) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, көктемнің ортасында ауа райына сәйкес киіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: құстардың белсенді болуы, ұя салуы және жұмыртқаларын басуының себебі – қорек пен жәндіктердің көп болуы; жәндіктердің көбеюінің себебі – жапырақтардың, шөптер мен гүлдердің пайда болуы; ауа температурасы жоғарылап, күннің күштірек жылуына байланысты жеңіл киіну.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктердің көшеттеріне күтім жасауға үйрету. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға |

| | | |
|---|---|---|
| | | (аквариумдағы балықтарға) күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Үй жануарлары (жайылымға шығару, төлдеріне күтім жасау) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: көктемде күн ұзарады, күн сәулесі күштірек жылытады, жасыл өсімдіктер пайда болады, су айдындарында еріген су көбейеді, өсімдіктер гүлдей бастайды, табиғаттағы өсімдіктер қайта жанданады.<br>Жыл құстары және аумақта кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Амандасу, қоштасу, ересектерді аты және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (құстарға арналған скворечник жасау). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету, экологиялық білімдерін іс жүзінде қолдануға баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышстан ұстау). |
| | Сурет салу<br>1. Ғарыштың түрлі планеталары<br>2. Құлыншақ шауып келеді<br>3. Гүлдеген | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды |

| | | |
|---|---|---|
| | өрік бұтағы<br>4. Біздің көше | үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу<br>1. Байқоңыр ғарыш айлағы<br>2. Қайық | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- коршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау<br>мен қиялды дамыту.<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| | Жапсыру<br>1. Аквариумдағы балықтар<br>2. Алан мен Данаға силық | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ<br>оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Құрастыру<br>1. Ғаламшарға зымыран жібереміз<br>2. Қызғалдақ гүлін жапсырамыз | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, |

| | | |
|---|---|---|
| | | тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Музыка<br>1. Ғарыштағы қоңырулар<br>2. Ғарышкерлер жыры<br>3. Туған жер<br>4. Көктем келді<br>5. Көктем шақырады<br>6. Дос болайық бәріміз | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аяқтамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,<br>қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры»; Е. Құсаинов «Көңілді арбакеш»; «Ақсақ құлан» қазақ халық әуені; Е. Құсаинов «Менің сүйікті атам».<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Б. Байқадамов «Кел, билейік»; Б. Бейсенова «Туған жер»; Б. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бейсенова «Көктем келді»; И. Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз». Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар.<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Е. Тиличеева «Марш», «Ах вы, сени» орыс халық әуені; Б. Жүсіпалиев «Көңілді марш», Ө.Байділда «Көңілді би»; Е. Андосов «Біз билейміз»; Е.Макшанцева «Разминка».<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>Сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» қоңыраулармен қосылып ойнау; «Қамажай» халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау, «Ай жарқырап тұр», «Калинка» орыс халық әуенін сылдырауықтар аспабында ойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Билер.<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. |

**Бекітемін:**
**ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша**
**Меңгерушісі: Б Байболатова**

**2026-2027 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым «Балеркем»
Топ: ересек топ Бәйтерек»
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): мамыр, 2026-2027 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене тәрбиесі<br>1. Допты кабырғаға лақтыру<br>2. Доппен жаттығу<br>3. Допты ұстай алған кім<br>4. Ұзындыққа көпінмен секіру<br>5. Бақалар ойыны<br>6. Кенгурудың қимылдары<br>7. Орындықта бүйірлеп адыммен жүру | - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;<br>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;<br>- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;<br>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;<br>- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;<br>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | 8. Түрлі жазықтағы бүйірлік адымдар<br>9. Кімнің адымы нық<br>10. Етпетімен еңбектеу<br>11. Жәндіктерді бақылаймыз<br>12. Жайдарлы жаздың ойындары | Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың бойымен жүру, колды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру.<br>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту.<br>Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.<br>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>Қимылды ойындар.<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br><br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.<br><br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір |

| | | |
|---|---|---|
| | | салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды<br>тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. |
| | | |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиет<br>1. Жауынгерлер маршы<br>2. Жұмбақ жасырмақ<br>3. Ұзақтар адамға дос, әңгімесін оқу<br>4. Арманшыл сарғыш марғау тақпағы | ің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;<br>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | Қазақ тілі<br>1. Сарбазда р, адымда<br>2. Гүлдер алыс жақын<br>3. Егістікке арбамен барамыз<br>4. Жайдарл ы жаз келді | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын<br>қалыптастыру;<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;<br>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды<br>құрдастарымен талқылау;<br>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі |

| | | |
|---|---|---|
| | | балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, і, ү, ұ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | Математика негіздері<br>1. Даладағы гүлдерді санайық<br>2. Тышқанды санаймыз<br>3. Қызықты сандар<br>4. Әсем қала<br>5. Лунтик пен оның достарының саяхаты | Жиын.<br>Балаларға әртүрлі түстегі, өлшемдегі заттардан («Даладағы гүлдерді санайық. Сандардың құрамы», «Тышқандарды санайық. Сандардың құрамы», «Қызықты цифрлар») тұратын жиын туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>Сан, санау.<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, сандарды реті бойынша атау, қорытынды санды және реттік сан есімдерді атау, «Қанша?», «Нешінші?», «Қай орында?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен: саны бойынша кем топқа бір затты қосу |

| | | |
|---|---|---|
| | | немесе артық топтан бір затты алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Шама.<br>Екі түрлі және бірдей заттарды ұзындығы, ені («Әскери техникаға арналған жолдар»), биіктігі және жуандығы бойынша салыстыру; шаманы салыстыру кезінде екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану. Сын есімдерді қолдану, салыстыру нәтижелерін атау (ұзынырақ-қысқарақ, кеңірек-тарлау, биігірек-аласалау, жуан-жіңішке).<br>Геометриялық фигуралар.<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету; геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге үйрету.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, менің оң жағымда терезе, сол жағымда орындық, артымда ойыншықтар).<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн), олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттілігі, жыл мезгілдері (қыс, көктем, жаз, күз) туралы түсініктерін кеңейту. |
| | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>1. Ағаштар бүршік жарды<br>2. Көктемгі ауа райын бақылау<br>3. Алтын күн аспаны | Бала, оның отбасы, үйі<br>Өзін ересек адам ретінде қабылдауға, өз пікірін білдіруге, келісімін көрсетуге үйрету. Өзінің аты-жөнін, тегін, жасын, жынысын атай білу дағдыларын бекіту, өзіне деген сенімділігін тәрбиелеу.<br>Отбасының үлкен және кіші мүшелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Қоршаған заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | 4. Бақ-бақ | Көлік және байланыс құралдары<br>Көлік түрлерін (әуе, су, жерүсті) ажырата білу. Мақсатына қарай көлік түрлерін: өрт сөндіру машинасы, жедел жәрдем көлігі, трактордыажырату.<br>Еңбекке баулу<br>Еңбекке және берілген тапсырмаға оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу: бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге үйрету. Топ бөлмесі мен ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге ынта білдіру. Қолынан келетін жұмысты орындау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Ата-аналарының және басқа да ересектердің мамандықтарына қызығушылық таныту, еңбектің маңызын, тұқым себудің маңыздылығын түсіну. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>Моральдық нормаларды сақтау және бұзу жағдайларына өз көзқарасын білдіруге үйрету: өзара көмек көрсету, мақұлдау, әділдік таныту, құрдасының өтінішіне жол беру, бірге және тату ойнау, ойыншықтармен бөлісу.<br>Үлкендерді құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге үйрету; ренжіткені үшін кешірім сұрай білуге баулу; ұлттық ойындарға қатысуға ынталандыру.<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>Қазақстан Республикасының астанасы, туған өлке туралы түсініктерін дамыту. Мерекелерге қатысуға және олардың мағынасын түсінуге үйрету.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, бағдаршам белгілері туралы білімдерін қалыптастыру. Көшеде, жаяу жүргіншілер өткелінде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау дағдыларын дамыту және оларды сюжетті-рөлдік ойындар барысында қолдануға үйрету.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Табиғаттағы көктемнің соңына тән маусымдық құбылыстар: алуан түрлі шөптердің, гүлдердің пайда болуы, алғашқы |

| | | |
|---|---|---|
| | | найзағайлар, жеміс ағаштары мен өсімдіктердің гүлдеуі, зиянды жәндіктердің пайда болуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау және белгілеу, көктемнің соңында ауа райына сәйкес киіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау: құстардың белсенді болуы, балапандарын шығарып, оларды қоректендіруінің себебі – қорек пен жәндіктердің көп болуы; өсімдік гүлдерінің жәндіктер арқылы тозаңдануы нәтижесінде балдың алынуы; ауа температурасы жоғарылап, күннің күштірек жылуына байланысты жеңіл киіну; адамдардың тұқымдар мен көшеттерді топыраққа отырғызуының себебі – топырақтың жылынуы.<br>Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер және оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақша отырғызу, бақ аумағын тазалау жұмыстарын жүргізуге үйрету. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға (аквариумдағы балықтарға) күтім жасау ережелерін сақтай білуге үйрету.<br>Жануарлар әлемі<br>Үй жануарлары (жайылымға шығару, төлдеріне күтім жасау) туралы түсініктерін кеңейту.<br>Бақылау барысында жануарлар тіршілігінің маусымдық өзгерістермен байланысын салыстыру: көктемде күн одан әрі ұзарады, ауа райы жылынады, күн сәулесі күштірек жылытады, өсімдіктер гүлдейді, жануарлардың төлдері мен құстардың балапандары пайда болады.<br>Жыл құстарының соңғы легі және аумақта кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік ережелерін меңгеруі<br>Балаларды қоршаған ортада және табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету, ойын кезінде, ойын жабдықтарын пайдалану барысында өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау |

| | | |
|---|---|---|
| | | ережелерін сақтау. Амандасу, коштасу, ересектерді аты және әкесінің аты бойынша атау, өтінішін сыпайы түрде білдіру, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (құстарға арналған скворечник жасау). Қоқысты шашпауға, қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету, экологиялық білімдерін іс жүзінде қолдануға баулу.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышпан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). |
| | Сурет салу<br>1. Тіқұшақ<br>2. Әдемі шәйнек<br>3. Жайлауда ғы гүлдер<br>4. Өз қалауы бойынша | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| | Мүсіндеу<br>1. Көлшіктегі үйректің балапандары<br>2. көбелек | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау<br>мен қиялды дамыту.<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты |

| | | |
|---|---|---|
| | | сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| | Жапсыру<br>1. мақта табақшаларынан гүл жасау<br>2. Судағы ғажап балық | - өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркемэстетикалық талғамды дамыту.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ<br>оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Құрастыру | - түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;<br>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;<br>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Музыка<br>1. Жеңіс күнін тойлаймыз<br>2. Жауынге | - қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;<br>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны |

| | | |
|---|---|---|
| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | секіріп тұру. Бір орында жүрумен кезектестіру. | секіріп тұру. Бір орында жүрумен кезектестіру. | секіріп тұру. Бір орында жүрумен кезектестіру. | секіріп тұру. Бір орында жүрумен кезектестіру. |
| **Таңғы ас 08.30-09.00** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. | | | | |
| **Ұйымдасты рылған іс-әрекетті өткізуге дайындық 09.00-09.15** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жомарт күз" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы: адамның күзгі еңбегі, астық жинау жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: А. Сарбөпин «Бір қап бидай», Н. Құмар «Тәтті алма», "Масақ" украин халық ертегісі.<br>"Күй күмбірі": "Абай толғау" (орындаған Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii<br>«Өнегелі»: Қауіпсіздік және жүріс-тұрыс ережелері. Тақырыбы: «Қауіпсіздікті қалай сақтаймыз?» Мақсаты: балаларға үйде және көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. | | | | |
| | | Адал азамат. «Мейірімділік ағашы» жаттығуы (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл | Күздің кереметі тақырыбындағы суретке қарап әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-мідеттері. Мақсат-міндеттері. | Адал азамат: «Табиғатты қорғау». Шығармашылық іс-әрекет. Аппликация: «Мен табиғатты қорғаймын» (ұжымдық жұмыс) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, әділ әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу; «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау. Ауызекі байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беру. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. | Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. | (коршаған әлеммен таныстыру, аппликация) Мақсат-міндеттері: Шығармашылық іс-әрекет арқылы балалардың табиғатты қорғау туралы түсініктерін бекіту. Қоршаған ортада, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелерін сақтауға үйрету; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, жануарлар мен өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалатын құстарды қоректендіру). Аппликация жасау дағдыларын дамыту. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ 09.15-11.15** | | Қазақ тілі "Не, калай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - катты". Мақсат-міндеттері. | **Дене тәрбиесі "Саптарда кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-тендікті сақтай . отырып, қолын** | Музыка "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді | **Дене тәрбиесі "Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; "катты - ақырын" қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>Музыка<br>"Күз әуені".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Балаларға әннің мазмұнын түсінуді үйрету; аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру. Дауыска | **жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді жетілдіру.** | тыңдатуды жалғастыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Балаларға әннің мазмұнын түсінуді, аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз музыкалық жетекшімен бірге ән айтуды жетілдіру. Дауыска арналған жаттығулар арқылы ән айту дағдысын жетілдіру. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Музыкалық аспаптарын тану және атауға үйрету. | **оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру дағдысын үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, қауіпсіздікті сақтау. Дене сапаларын: күш, ептілік, икемділікті қалыптастыру. Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіруді жетілдіру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арналған жаттығуларды орындау. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Музыкалық аспаптарын тану және атауға үйрету, музыкалық аспапта ойнауға жаттықтыру. | | | |
| | | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Бақшадағы мол өнім". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту. "Жемістер-жидектерді және көгөністерді топтастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Кішкентай бағбан". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Күзгі орманның ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден бастап төртке дейінгі сандар жөніндегі түсініктерін тиянақтау; теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын бекіту; тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы бекіту, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап | «Қаржылық сауаттылық». «Дүкен» дидактикалық ойыны. (коршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: балаларда өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандыру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; 5-ке дейін реттік санау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні, түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету. | ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?" Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, сын-сипатын байқауды және атауды үйрету. | беруге машықтандыру. Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Күзгі ағаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діні мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету. | дағдыларын дамыту; «канша?», «барлығы канша?», «канша болды?», «каншасы калды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету; көп, аз, артық, кем, тең туралы ұғымдарды бекіту; коршаған ортадағы кез келген зат – ойыншықтар, киім-кешек, тамақ – адамдардың еңбегінің нәтижесі екенін түсіндіру; калаған заттарды каражатка алмастыруға болатынын, пайда, кіріс ұғымдарын түсіндіру. Материал: дүкенге арналған атрибуттар: ақша, тауарлардың бағалары, чектер, көгөністер мен жемістердің муляждары, ойыншықтар. Барысы: 1-нұска. Балаларға дүкеннің атауын ойлап табу, дүкенде не сатылатыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және дүкеннің ашылуы туралы жарнама ойластыру ұсынылады. Балалар жарнамалардың суретін салады және ұсынады. |
| | | | | | |
| Серуенге дайындық 11.15-12.20 | (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянуштан ұстау); коршаған ортада, табиғатта карапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>Балалар, күн райы<br>Өзгереді күн сайын.<br>Біресе жел соғып,<br>Біресе шуақ шашып,<br>Күніне жүз құбылып,<br>Қуантады әрдайым.<br>Ойланайық, сондықтан<br>Далаға шығар алдында:<br>Болжап алып күн райын,<br>Құбылмалы сипатын,<br>Күнге карай киініп,<br>Қуанып ойнап жүрейік. (Д.Ахметова) | | | | |
| Серуен | | Бірінші қатқақты бақылау. | Шалшық судың бетіндегі үлдір | Желді бақылау. (коршаған әлеммен | Ересек балаларды бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (коршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды); ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін байқауға үйрету; коршаған әлемге сүйіспеншілікті арттыру. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру. Тақпақ. Х. Тағаров «Алтын күз». Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. | қабыршағын бақылау. (коршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды). Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.) Тәжірибе: «Шалшықты айналып өту». Мүбәрәк Жаманбалинов "Жаңбыр" Аспанда бұлт түйілді, | таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр) кеңейту; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты); ауа райына сәйкес киінуді түсіндіру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқату. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар | (коршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әркайсын өз атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, колғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасында байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынаска тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мөлдіретіп жүзімдерін,<br>Келді алтын күзім менің.<br>Молшылық күз – береке күз,<br>Береке күз – мереке күз.<br><br>«Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық) қимылды ойыны (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Ойындарда физикалық қасиеттерді (икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Жануардың рөлін таңдау және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br><br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) | Жерде ойнатты құйынды.<br>Табиғат отпен қол қойып,<br>Ақырып бұлтқа бұйырды:<br>Жу егінді, бақшаны!<br>Көшедегі бас шаңды<br>Бұлт бұйрықтан аспады,<br>Жаңбыр жауа бастады.<br><br>«Өзіне жұп табу» қимылды ойыны (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеті. Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еске сақтауды, қимыл жылдамдығын жетілдіру.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету, рөлді дәл аткаруға бейімдеу; | желді катты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады.<br><br>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығу. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кеністікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге карап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойды дамыту.<br>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттергі жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге мұқият карайық, далада желдің барын немесе жоғын анықтап көрейік. Далада | Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос<br>Бірін-бірі кимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br><br>«Ақ аюлар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, карапайым өзара карым-катынас қабілетін калыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Максат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, көзғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келгенде "бояушының" қандай түсті таңдағанын | зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап, мына сөздерді айтады: Мысығымыз момықан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құткарады? Осы сөздерді айтып, | жел бар болса, оның қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа қарай соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа қарай соғып тұр.<br><br>"Аққу-қаздар" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Түйілген орамал" қазақ ұлттық қимылды ойыны (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | анықтайды.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес шапалақтайды, "бояуды қуалап" кетеді.<br>Егер "бояу қашып" қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br><br>«Кең қадам» қимылды ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру қабілетін қалыптастыру; сызықты баспауға | балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.<br>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек.<br>"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Оқтау тартыс» қазақ халқының ұлттық қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. | ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог карама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетіне "қасқырлардан қауіпсіз" орынды балаларға алдын ала сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттері бағаланады.<br><br>"Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. | орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды баска біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.<br><br>"Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа, ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету; шыдамдылыкка, епті лікке тәрбиелеу. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br><br>Өз бетімен ойналатын ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру; ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға | Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, епті лік) дамыту.<br><br>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. | Балаларды белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алыска лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды үйрету.<br><br>«Тыныш жүгіріп өт» қимыл-қозғалыс ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету; жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өтуге ынталандыру; шыдамдылық, икемділік, епті лік физикалық қасиеттерді дамыту; ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту), белсенділікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br><br>Еркін ойындар: | Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу.<br>Балалардың бастамашылдығын ынталандыру.<br>Ойынға жауапкершілікпен қарауға, ойын тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br><br>Өз бетімен ойналатын ойындар. «Зырылдауықтармен ойын». (дене тәрбиесі) Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру; ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын | ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | |
| **Серуеннен оралу 12.20-12.30** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Жуынып болсаң,<br>Су кранын жапсаң,<br>Орамалмен сүртініп,<br>Оның орнын тапсаң,<br>Қуанып қаларсын,<br>Яғни, тәртіпті баласын. (Д.Ахметова)<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас 12.30-13.00** | Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс колдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, сауықтыру-шынықтыру шаралары.)Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдыңа,<br>Тауысып іш, қалдырма. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы 13.00-15.00** | Дұрыс тамақтану мәдениетін калыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары 15.00-15.20** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>«Қайық». Төсекте ішпен жатып, қолды иекке таяп кою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу.<br>«Кемпіркосақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер жасау.<br>«Тышқандар». Массаж кілемшесінде аяқтың ұшымен және өкшесімен айналып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Бесін ас 15.20-15.50** | Алдына қойған аска назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-** | | Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Үлкен және кішкентай карбыздар".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жаткан | "Пайдалы - зиянды" дидактикалық ойыны.<br>Азық-түліктер (коршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Балалардың қолынан корек іздеген тиіннің суреті бойынша әңгіме құрастыру".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттауда, сол | "Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөздік корларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау.<br>Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті, кітап қарау және басқалары) 15.50-16.50 | | ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету<br><br>«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы.<br>(коршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу.<br>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем | туралы түсінік беру; "Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін алдын-алуға болатынын түсінуге көмектесу; өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланатын азық-түліктердің пайдасы мен зияндылығын түсіндіру.<br>Ойын басында тәрбиеші балаларға үлкен парақ бетте бейнеленген пайдалы азық-түліктерді жасыл маркермен қоршауды ұсынады, Ары қарай тәрбиеші басқа азық-түліктердің зиянын түсіндіреді, балалармен бірге талқылайды.<br>Бағыттаушы сұрақтар арқылы ойын барысында тәрбиеші балаларға тағам бойынша маман, шыныгу бойынша нұсқаушы болуға мүмкіндік береді. | суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру.<br><br>"Не артық?" дамытушылық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: әртүрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.<br>Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп | жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады.<br>Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер.<br><br>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.<br>(коршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер:<br>балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; сөздік қорды белсендіру; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>Жапсырудан техникалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.<br>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады.<br>Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну.<br><br>Қызанақ фабрикасы (коршаған әлеммен таныстыру) https://bilimkids.kz/kk/media/video/qyzanaq-fabrikasy<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі | "Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін айтыс жариялайық.<br>- Қамшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек.<br>- Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай | табады, дауыстап айтады. (танымдық дағдылар)<br><br>«Мобильді кітапхана». Театрландырылған қойылым.<br>"Алма" ертегісі<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, еске сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; дос болу, бөлісу, сараң болмау туралы ұғымдарды жетілдіру.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі).<br>Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын | қабілеттерді жетілдіру жаттығулары (жапсыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. Тақырыбы балалардың таңдауы бойынша.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>«Түйілген орамал» қазақ халқының ұлттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы иүсініктер қалыптастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | жалғастырады.<br>Бастаймыз!<br>- Жақын - алыс.<br>- Үлкен - кішкентай.<br>- Ұзын - қысқа.<br>- Қорқақ - батыл.<br>- Зұлым - мейірімді (пантомима арқылы көмектесуге болады).<br>- Баяу - жылдам.<br>- Астында - үстінде.<br>- Артында - алдында.<br>- Биік - аласа.<br>- катты - жұмсақ<br>- Ауыр - жеңіл.<br>- Сол жақ - оң жақ.<br>Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ойнауды ұйымдастыруға болады. | қайталатады.<br>Балалар кейіпкерлерді өз қалауы бойынша таңдайды, кейін кейіпкерлердің костюмдерін киіп, әрқайсы өз орындарына барады.<br>Басында автор рөлін педагог алады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауға бөленеді.<br>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. | қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; физикалық қасиеттерді (икемділік, ептілік) дамыту. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 16.50-17.50** | (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің карапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышган ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақлау).<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. | | | | |
| **Серуен** | | Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-мәндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылауға үйрету; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту; карапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды); | Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу.<br>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.<br>Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, | Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-мәндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылауға үйрету; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту; карапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды); | Көліктерді бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол), жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтартардың сарғайып жерге түсуі. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту. Табиғатты сүюге баулу. Ауа райын байқайық, Аспан, ағашқа қарайық. Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме, Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) | қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің аққа. Д. Ахметова<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. | қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Дина Ахметова "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем".<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету, физикалық қасиеттерді: жылдамдықты, шыдамдылықты, ептілікті жетілдіру; аланда дұрыс қозғала білу, бір-біріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару | Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.<br><br>"Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, коршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: жапырақтарды жинау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауға, ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br><br>«Мысық пен тышқан» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, | Құстарға жақындамауды, ашық жерге коректі орнаастырып, қауіпсіз жерден құстардың коректену барысын бақылауға мүмкіндіктер жасау.<br><br>"Кім жоғары?" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Түйілген орамал" қазақ ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты | қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздік. Ойында қимылдауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру.<br><br>"Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.<br><br>"Кім қапшықты алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. | (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br><br>"Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Үш табан" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы. Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан мысық пен тышқанды белгілеп, мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Оқтау тартыс» қазақ халқының ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын | дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>"Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа, ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу.<br><br>Өздігінен ойналатын ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен | Өз бетімен ойналатын ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру; ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, | қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br><br>Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өздігінен ойналатын ойындар.<br>(дене тәрбиесі, коршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. | ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. | берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | |
| Серуеннен оралу<br>17.50-18.00 | (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру.<br>Жуынып болсаң,<br>Су кранын жапсаң,<br>Орамалмен сүртініп,<br>Оның орнын тапсаң,<br>Қуанып қаларсың,<br>Яғни, тәртіпті баласың. (Д.Ахметова) | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы 18.00-18.30** | | Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу. | Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау. |